

УДК 341.018

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

**Құрметқан Ғасыр**

[Gasssyur.00@mail.ru](mailto:Gasssyur.00@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
заң факультеті «Халықаралық құқық» мамандығының  
3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Ж.Зукай

Халықаралық-құқықтық жауапкершілік әдет-ғұрыптық құқықтық нормалардан құралған, халықаралық құқықтың ескі институттарының бірі болып табылады. Бірақ классикалық халықаралық құқықтың институты қазіргі халықаралық құқықта қалыптасқан институттан ерекшеленеді. Бұрын жауапкершілік ең басты жеке тұлғаға немесе шетел азаматының мүлкіне келтірілген зардапты мемлекеттің міндетіне байланысты өтеуге бағытталған.

Халықаралық-құқықтық жауапкершілік нормаларын қолдану жана халықаралық құқықтық қатынастардың туындауына әкеледі. Бұл қатынастар бір жағынан, құқық бұзушы мемлекеттің құқыққа қайшы әрекеттерін доғару, жәбірленуші мемлекеттің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, келтірілген зардапты өтеу немесе санкциялану міндеттерін тудырса, екінші жағынан жәюірленуші мемлекеттің құқық бұзушы мемлекеттен сәйкесінше өзінің құқықтарын өтеуге және қанағаттандырылуын талап етуге құқығын туындатады [1].

Халықаралық құқықтың нормалары белгілі бір нысандарда көрініс табады. Халықаралық құқықтың қайнар көздерінің толық тізімі енгізілген құжат жоқ. Бірақ кейбір ғалымдар мұндай құжат ретінде БҰҰ Халықаралық Сот Статутын қарастырады. Өйткені, Статут әлемнің көпшілік мемлекеттері қосылған халықаралық әмбебап шарт болып табылады. Аталған актінің 38-бабында былай делінген: «Сот халықаралық құқық негізінде өзіне берілген дауларды шешу кезінде қолданады:

- а) дауласушы мемлекеттер таныған жалпы және арнайы конвенциялар;
- б) құқық нормасы ретінде танылған халықаралық әдет-ғұрыптар;
- в) өркениетті халықтар таныған құқықтың жалпы принциптері;
- г) сот шешімдері мен доктриналар» [2].

Әрине, бұл жерде халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық шарттар аталып тұрғаны белгілі. Жалпы халықаралық жүйеде болып жатқан түрлі өзгерістерге қарамастан, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, ғылым мен техника, мәдени және тағы да басқа көптеген салалардағы қатынастар бұрынғыға қарағанда жаңа нысандарға көшкеніне қарамастан, бүгінгі күні олардың арасындағы қатынастарды реттейтін басты құрал болып халықаралық шарттар қалып отыр. 1969 жылғы мемлекеттердің арасындағы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясы мен 1986 жылғы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арасындағы және халықаралық ұйымдардың арасындағы халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясының 2 бабына сәйкес халықаралық шарт - бұл бір, екі немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда бекітілген және нақты атауына қарамастан мемлекеттер немесе халықаралық құқықтың басқа да субъектілері жазбаша нысанда жасаған халықаралық құқықпен реттелетін келісім.

Проф. Г.И.Тункин халықаралық құқықтың қайнар көздері ретінде «құқықтың жалпы принциптеріне» барлық ұлттық құқықтық жүйелер мен халықаралық құқыққа тән заңды постулаттар жатады деп көрсетеді. Оның пікірінше, ондай ережелерге, мысалы, *lex specialis derogat generali* (арнайы заң жалпы заңның күшін жояды), *lex posteriori derogat priori* (кейінгі заң алдыңғы заңның күшін жояды), *nemo plus juris transferre potest quam ipse habet* (ешкім өзіне тиесілі құқықтан артық құқық басқаға бере алмайды) сияқтылар жатады [3].

Қазіргі халықаралық құқықтық жауапкершілік нормаларының кодификациясы ұзақ және ауыр процестен өтті және қазіргі кезде ол әлі де аяқталмаған, алдымен бұл БҰҰ Халықаралық құқық Комиссиясының (әрі қарай - Комиссия) қызметімен байланысты. 1949 жылы өзінің 1-ші сессиясында Комиссия нормалардың кодификациясына байланысты он төрт сұрақтан тұратын тізімді анықтады. Бұл жерде алғаш рет халықаралық құқықтың жауапкершілік мәселесі көтерілді.

1953 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен «Мемлекеттер арасындағы бейбіт қатынастарды қолдау және дамыту үшін мемлекеттердің жауапкершілігін анықтайтын халықаралық құқықтың принциптерін кодификациялау керектігі» туралы 799 (VIII) Резолюция қабылданды [4].

1955 жылы Бас Ассамблеяның Комиссиясы Резолюцияның ұсынысын есепке ала отыра бұл мәселеге байланысты Арнайы баяндамашыны тағайындады. Ол Ф.В. Гарсия Амадор болды. Ол 1956 жылдан 1961 жылға дейін Комиссияға мемлекеттердің жауапкершілік мәселесіне байланысты өзінің 6 баяндамасын жасап ұсынды.

Халықаралық құқық Комиссиясы 1962 жылы мемлекеттердің жауапкершілігі бойынша құрған, 10 мүшеден тұратын Подкомиссия 1963 жылы қаңтарда болған өз сессиясында бір ауыздан Комиссияға осы саланы кодификациялау үшін мемлекеттердің жауапкершілігі туралы жалпы нормаларды анықтауға басымдық беру қажет екендігі туралы ұсыныс жасады. Бұл тақырып бойынша басты баяндамашы болып профессор Роберто Аро тағайындалды.

Бас Ассамблеяның 1967 жылы 1 желтоқсандағы 2272 (XXII) резолюциясында Халықаралық құқық Комиссиясына мемлекеттердің жауапкершілігі туралы сұрақты талдауды тездету туралы ұсыныс айтылды. Бас Ассамблеяның XXIII сессиясында 1968 жылы 11 желтоқсанда қабылданған 2400 (XXIII) резолюциясында Халықаралық құқық Комиссиясына өзінің келесі сессиясында мемлекеттердің жауапкершілігі туралы мәселені қарастыруды

бастауға мейлінше күш салуды ұсынды және онда Бас Ассамблеяның 1765 (XVII) және 1902 (XVIII) резолюцияларында айтылған пікір мен ойларды назарға алу ұсынылды.

Бірінші баяндаманы Р. Аро Комиссияның 1969 жылы 21-сессиясында жасады. Баяндамада мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігін кодификациялауға қатысты тарихи очерктерді көрсетеді [2].

1970 жылы Комиссияның 22-сессиясында Роберто Аро «Халықаралық жауапкершіліктің туындауы» туралы екінші баяндамасын ұсынды, мұнда жауапкершіліктің қайнар көзі ретінде халықаралық құқықбұзушылық, сонымен қатар халықаралық құқықбұзушылықты жасау қабілеті және халықаралық құқықбұзушылықтың шарттары туралы қарастырылды.

1971 жылы «Мемлекеттің халықаралық құқықбұзушылығы халықаралық жауапкершіліктің қайнар көзі ретінде» атты үшінші баяндама ұсынылды, мұнда төмендегідей сұрақтар қарастырылды: барлық құқыққа қайшы әрекеттері үшін мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігін көздейтін принцип; құқыққа қайшы әрекеттердің болу шарты; мұндай әрекеттерді орындауға қабілетті субъектілер; әрекеттің құқыққа қайшы екендігін саралауға ішкі заңдардың қолданылмауы; сонымен қатар халықаралық құқыққа сай «мемлекет әрекеттеріне» арналған бөлім.

1972 жылы Комиссияның 24-сессиясында Арнайы баяндамашымен ұсынылған төртінші баяндамада бұл сұрақтарды зерттеу жалғасып, өз шешімін тапты. Сонымен бірге, баяндамада ерекше қиын мәселеге көңіл бөлінді, ол *ultra vires* жағдайында органдарының әрекеттерін мемлекеттікі ету және өзінің атынан немесе басқа ұлттық-босатушылық қозғалыстардың атынан жасалатын жеке тұлғалардың әрекет немесе әрекетсіздігін халықаралық құқық субъектісі ретінде мемлекеттікі ету мәселесі болатын.

1976 және 1977 жылдары талқыланған бесінші және алтыншы баяндамалар «халықаралық міндеттемелердің бұзылуына» арналған және онда келесідей сұрақтар қамтылған: халықаралық міндеттемелердің жарамдылығы; бұзылған халықаралық міндеттемелердің қайнар көздері; бұзылған халықаралық міндеттемелердің мазмұны; халықаралық міндеттемелер бұзылғанда мемлекеттен арнайы талап етілетін нақты тәртіп және тағы басқа.

1978 жылы жасалынған жетінші баяндамада қарастырылған жұмыс халықаралық міндеттемелердің бұзылуы бөлімін аяқтады. Сегізінші баяндамада Аро әрекеттің құқыққа қарсы екендігін жоққа шығаратын мән-жайларды қарастырды.

1975 жылы Комиссияның 27-сессиясы болды, осы сессияда «Мемлекеттердің жауапкершілігі» атты тақырыпта баптар жобасы қарастыруға қабылданды.

1980 жылы Комиссия өзінің 32-сессиясында «Халықаралық жауапкершіліктің туындауы туралы» Баптар жобасының бірінші бөлімін алдын-ала қарауға қабылдады. Бұл жоба бес бөлімнен (жалпы принциптер; халықаралық құқыққа сай «мемлекеттің әрекеті»; халықаралық міндеттеменің бұзылуы; бір мемлекеттің басқа мемлекеттің құқыққа қарсы әрекетіне қатыстылығы; құқықбұзушылықты болдырмайтын мән-жайлар) және 35 баптан тұрды.

1979 жылы өзінің 31-сессияда бұл тақырып бойынша арнайы баяндамашы ретінде Билл Рифаген тағайындалды. 1980-1986 жылдар аралығында халықаралық жауапкершіліктің мазмұны, формасы және көлеміне арналған жеті баяндама жасалынды (Бап жобасының екінші және үшінші бөлімінде мемлекет жауапкершілігі туралы) [5].

1987 жылы арнайы баяндамашы ретінде Гаэтано Аранджио – Руис тағайындалды, ол өз тарапынан сегіз баяндама жасады.

Қорытындылай келе, 1996 жылы 12 шілдеде өзінің 48-сессиясында толығымен қарастырылған материалдарды жинақтады. Мемлекеттердің жауапкершілігі туралы Баптар жобасының мәтіні бірінші оқылымда қабылданды.

1997 жылы 3 шілдеде Комиссия шешімімен жаңа Арнайы баяндамашы болып Дж.Кроуфорд тағайындалды және ол 1998-2000 жылдар аралығында мемлекеттердің ескертулерін ескере отырып үш баяндамасын ұсынды [6].

Сонымен, аталған жоба төрт негізгі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім-мемлекеттің құқыққа қайшы іс-әрекеті; екінші бөлім - халықаралық-құқықтық жауапкершілігі мазмұны;

үшінші бөлім - мемлекеттің халықаралық жауапкершілігін имплементациялау; төртінші бөлім - жалпы ережелер.

Комиссия мемлекеттердің жауапкершілігі мәселесінен басқа халықаралық ұйымдардың халықаралық жауапкершілігі нормаларын дайындаумен айналысады. Осылайша, 2002 жылы Комиссия халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі бойынша жұмысшы топ ұсынған баяндаманы құптады. Бірақ халықаралық ұйымдардың халықаралық қатынастарға белсене араласа бастағанына көп болмады, сол себепті олардың халықаралық құқық субъектілері ретіндегі жауапкершілігі проблемасы тек дайындалу сатысында. Баяндама халықаралық құқық Комиссиясының болашақ жұмыстарының бағытын анықтап берді. Халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі әзірше кодификацияланбаған. БҰҰ Халықаралық құқық Комиссиясы 2001 жылдан бері бұл мәселені күн тәртібіне қойды.

Заң әдебиеттерінде халықаралық ұйымдардың құқықсубъектілігі олардың басқа халықаралық ұйымдар мен мемлекеттермен қатысуынан, олармен келісімдер жасасудан, олармен қарым-қатынаста белгілі бір құқықтар мен міндеттерді алып жүруден көрінеді деген көзқарастар айтылған. Алайда, халықаралық құқықтың негізгі субъектісі – мемлекеттің құқық өкілеттігіне қарағанда халықаралық ұйымдардың құқық өкілеттігі келісімдер мен жарғылық ережелердің аясымен шектеледі. Халықаралық ұйымдардың жарғылық ережелерінде құрылған ұйымның қызмет тәртібі, құқықтары мен міндеттері, оның органдарының құзіреттері айқындалады. Басқаша айтқанда, халықаралық ұйымдардың құқықсубъектілігі осындай халықаралық ұйымдарды құрайтын мемлекеттер тобының ортақ ерік білдірулері арқылы пайда болады, өзгереді және тоқтатылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескерер болсақ, мемлекеттердің жауапкершілік институтында *ipso facto* (іс жүзінде) болса, ал халықаралық ұйымдардың жауапкершілігінің ерекшелігі, онда *ipso jure* (заң жүзінде) болады деп айтуға болады. Сонымен, егер халықаралық ұйымның өзінің жауапкершілігі туралы арнайы шарттық ережелер болмаса, талаптар мүше-мемлекеттерге қойылады.

Жауапкершілік туралы нормаларды кодификациялау процесі аяқталған жоқ, ол әлі жалғасуда. Кейбір негізгі мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізілмеді. Алайда, біздің ойымызша, бұл процестің өзі, мемлекеттердің белсенділігі мен оның қызмет етуіне қызығушылық танытуы халықаралық қауымдастықтың жасалған жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігін сезінетінін көрсетеді. Жауапкершілік институтының басты міндеті де осы халықаралық құқықтың нормаларының әрекет етуінің нәтижелілігін қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мазов В.А. Ответственность в международном праве. – М.: Юрид. лит., 1979 г. – с.12
2. Лукашук И.И. Концепция права международной ответственности // Государство и право. М., 2003. №4. С.79-87.
3. Тункин Г.И. Теория международного права. – М., 1970. – С. 430.
4. Прошина Е.А. Международно-правовая ответственность государств. Автореферат кандидатской диссертации. Москва, 2006. – С.31
5. Мелешников, А.В.; Пушман, Э.А. Международно-правовая ответственность: понятие, процессуальные вопросы реализации. - Сов. Государство и право. М., 1988 г. – №8. – С. 83
6. Ушаков Н.А. Основание международной ответственности государств. – М., 1983 г. – С.235